

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL



СОҒЫСҚА ҚАРСЫ ШЫҒЫП, ТҮРМЕГЕ ҚАМАЛДЫ

АЛЕКСАНДРА СКОЧИЛЕНКО  РЕСЕЙ



«ҚҰҚЫҚТАР ҮШІН ЖАЗ»:

ӨМІРЛЕРДІ ӨЗГЕРТЕТІН

ХАТТАРДЫ 20 ЖЫЛ ЖАЗУ

Санаулы адамдар біріксе, нәтижелері таңқаларлық болуы мүмкін.

Жиырма жыл бұрын Польшада белсенділердің шағын тобы 24 сағат бойы хат жазу марафонын өткізді. Осы идея келесі жылдары да жалғасты. Бүгін “Құқықтар үшін жаз” науқаны әлемдегі адам құқықтары бойынша ең ірі шара болып табылады 2001 жылы 2326 хаттан бастап, 2021 ж. 4,7 миллион хат, твиттер, петицияларға қол қою мен басқа әрекеттерімен дүние жүзіндегі адамдар география шек қоймайтын ой төңірегінде бірігіп, сөз күшін қолданды. Осы тұлғалар бірлесіп, жылдар бойы 100-ден астам адамның өмірін өзгертуге, азаптаудан, қудалаудан, не әділсіз қамаудан босатуға көмектесті. Биылғы науқан өз қолдауын бейбіт белсенділігі, көзқарастары немесе жеке ерекшеліктері үшін қудаланған адамдарға бағыттады. Оған әйел құқықтарын қорғаушылар, трансгендерлердің құқықтарын қорғаушылар, суретшілер мен бейбіт наразылық білдірушілер жатады. Осы адамдарды әртүрлі

соққыға жықты, түрмеге жапты, атты, қудалап, қорқытты. Құқықтар үшін жаз науқаны арқылы олар бүкіл әлемнен мыңдаған адамдардың қолдау хабарларын алады. Олар да, олардың отбасылары да жағдайлары жұртшылықтың назарында және ұмытылмағандарын біледі. Ынтымақтастықта әрекет ету және бәрінің, оның ішінде ең кемсітілгендердің де, зорлық-зомбылықтан қорықпай наразылық шерулерге бірдей қатыса алуын қамтамасыз ету арқылы біз әділ және тең әлем құра аламыз.

Хат жазу әрекеттерімен қатар Amnesty сол адамдардың өмірлерін өзгертуге қол ұшын бере алатындармен, мысалы саясаткерлермен сөйлеседі. Сонымен бірге, Құқықтар үшін жаз науқаны қоғамдық шаралар арқылы осы әділетсіздіктерді көрсетіп, әлеуметтік желілерде халықаралық назарын аудартады. Өткен жылдары науқанға қатысқан адамдар мен топтар осы әрекеттердің ерекшелігін айтып, осындай көп адамдардың алаңдағаны оларға күш беретінін жеткізді.

Осы адамдар және топтар тап болған жағдайларға билік тарапынан көзқарастың оңды өзгеруі жиі кездеседі. Айыптаудан арылып, адамдар қамаудан босатылуы да мүмкін. Адамдарға адамгершілікпен қарап, әділетсіздікке қарсы жаңа заңдар не ережелер енгізіліп жатады.



© Amnesty International Nigeria

Нигериядағы Amnesty белсенділері 2021 жылғы Құқықтар үшін жаз науқанына қатысуда

Қорғап жүрген адамдарымыз туралы оқыңыз: <https://eurasia.amnesty.org/marafon-pisem/>

Өз еліңіздегі Amnesty бөлімшесімен байланысыңыз: www.amnesty.org/countries

@Amnesty қолдау туралы твит жазып, #W4R22 хэштегін пайдаланыңыз.

БАСТАР АЛДЫНДА

Адам құқықтары туралы білім алу әртүрлі жағдайда, мысалы, сыныптар, қауымдастық пен отбасылар, белсенді топтарда, онлайн немесе дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ұйымдастырушы ретінде нақты топтың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттеріңізді бейімдей аласыз. Мысалы, талқыланып жатқан мәселе бойынша алдын-ала не білетінін сұрап, топтағы қатысушылардың санын анықтап және белсенді қатысуға мүмкіндік беру үшін сабақты қалай ұйымдастыру керек екенін,

сабақ өтетін бөлме мен басқа да жағдайды белгілеуіңіз мүмкін. Қатысушылар іс бойынша қолдау шарасын бастар алдында, ортаның олар үшін қауіпсіз болуын талқылаңыз.

Сабақтардың бәрі белсенді қатыстыру әдісіне негізделеді. Ол дегеніміз оқушыларға ақпарат ұсынылып қана қоймай, олар іске байланысты мәселелерді зерттейді, талқылайды, талдайды және сұрақ қояды. Бұл әдістеме кең білім беру мақсаттары үшін өте маңызды, себебі қатысушылар:

- маңызды дағдыларды **дамытады**
- өз пікірін **қалыптастыру**, сұрақ қою және зерттелетін мәселелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік алады
- өз оқу үдерісін **басқарып**, мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына сәйкес талқылау ұйымдастырады
- ықыласпен қатысып, өз көзқарасын қалыптастыруға маңызды ортада болуға мүмкіндік береді

Белсенді қатыстыру оқыту әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастар алдында Amnesty International Көмекші оқулығымен танысыңыз, оны мына сілтеме бойынша таба аласыз: www.amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/ (ағылшын тілінде)

Amnesty International өз Академиясында адам құқықтарының әртүрлі мәселелері бойынша басқа да оқу курстары, "Адам құқықтарына кіріспе" курсы ұсынады: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/120/vvedenie-v-prava-celoveka> (орыс тілінде)



СІЗДІҢ СӨЗІҢІЗДІҢ КҮШІ БАР

ОТБАСЫМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ

2021 жылғы 30 маусымда құқық қорғаушы Жермен Рукуки Бурундиде төрт жылдан астам түрмеде отырғаннан кейін босатылды. Ол адам құқықтарын қорғағаны үшін ғана қамауға алынып, сотталды.


2020 ж. Құқықтар үшін жаз науқаны кезінде Жерменнің бостандығын талап етуші дүние жүзіндегі қолдаушылар 436 000-нан астам акцияларды жүзеге асырды. Бостандыққа шыққаннан кейін елден кете алмаған Жермен, 2022 жылдың ақпанында ғана Бельгиядағы отбасымен қайта қауышты. Ол: «Құқықтар үшін жаз шынымен де жақсы әсер етеді. [Осы] қолдау мені, Жермен Рукукиді, түрмеден шыққаннан кейін адам құқықтарын қорғауға одан әрі ұмтылуға ынталандырды»



© Жеке мұражайынан

ӨЛІМ ЖАЗАСЫНАН БОСАТЫЛДЫ

Оңтүстік Судандық Магаи Матиоп Нгонг 2017 жылы 14 қарашада кісі өлтіргені үшін өлім жазасына кесілген кезде мектеп оқушысы болған. Магаи судьяға өлімнің оқыс оқиға екенін және ол кезде небәрі 15 жаста екенін айтты. Дегенмен, Магаиді адвокатсыз адам өлтіргені үшін соттады. 2019 жылғы Құқықтар үшін жаз науқаны кезінде Магаиды қолдап 700 000-нан астам әрекет жасалды. 2022 жылғы наурыз айында Жоғарғы сот сол кезде оның бала болғандығын ескере отырып босату керек деген келісімін берді. Магаи енді елден аман-есен кетіп, өзі сияқты адамдарға көмектесуге бұрынғыдан да бел бұған.



ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫ БОСТАНДЫҚҚА ШЫҚТЫ

Бернардо Каал Ксол, мұғалім және әке, Гватемаланың солтүстігіндегі Кахабон өзеніндегі гидроэлектр жобалардан зардап шеккен қауымдастықтарды қорғау үшін тынымсыз жұмыс істеді. Адам құқықтарын қорғауға кедергі жасау үшін, оны 2018 жылғы қарашада жеті жылдан астам бас бостандығынан айырды. 2021 ж. Құқықтар үшін жаз науқаны барысында Бернардо үшін жарты миллионнан астам әрекет жасалды және 2022 жылғы наурызда ол босатылды.



© Simone Dalmaso

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Адам құқықтары әрбірімізге тән негізгі бостандықтар мен қорғау құралдары. Олар жасына, азаматтығына, жынысына, нәсіліне, дініне немесе жеке өміріне қарамстан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаларына негізделген. Құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріне қатысты шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болуға негізделеді. Осы негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ болып табылады, яғни әрбірімізге де, осы әлемдегі әрқайсымызға тән. Құқықтарды бізден тартып алуға болмайды. Олар бөлінбейді және өзара тәуелді болып табылады, бәрі бірдей маңызды және өзара байланысты.

Екінші Дүниежүзілік соғыста жасалған жан түршігерлік қылмыстардан кейін Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясынан бастап алғанда, адам құқықтары бойынша халықаралық құжаттар дүние жүзінде адамдардың өмірін жақсартуға арналған ұлттық, аймақтық және халықаралық заң құжаттарының берік негізі қаланды. Адам құқықтарын үкіметтер үшін заңдар ретінде қарастыруға болады. Олар үкіметтер мен лауазымды тұлғаларға өз юрисдикциясындағы және одан тыс адамдардың құқықтарын сақтау, қорғау және қамтамасыз ету міндетін артады.

Адам құқықтары сән-салтанатқа қана арналған әшекей бұйымдары емес.



Швейцариядағы Amnesty белсенділері 2021 жылғы Құқықтар үшін жаз науқанына қатысуда

© Amnesty International Switzerland









© UN Photo

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (АҚЖОД)

АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан бірнеше жыл өткен соң Біріккен Ұлттар Ұйымымен дайындалды. 1948 жылдан бастап ол адам құқықтары жөніндегі халықаралық жүйенің негізін қалады. Әлемнің барлық елдері осы құжаттың 30-бабында көрсетілген жалпы қағидаларды сақтау міндетімен келісті.

Атында белгілендей, АҚЖОД декларация болып табылады. Бұл әлемдегі кез-келген үкіметтің жеке адамдарға қатысты белгілі бір стандарттарды ұстанатындығы туралы мәлімдемесі. Адам құқығы халықаралық құқықтың бір бөлігіне айналды: АҚЖОД қабылданғаннан бастап оның қағидалары негізінде көптеген басқа міндетті заңдар мен келісімдер қабылданды. Дәл осы заңдар мен келісімдер Amnesty International сияқты ұйымдарға біздің «Хаттар марафонында» көрсетілген мемлекеттің көзқарасын өзгертуге үндеу жасау негізін береді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

 <p>АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР</p> <p>Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.</p>	<p>1-бап Қадір-қасиет пен құқықтардағы еркіндік және теңдік</p> <p>2-бап Кемсітуден еркін болу</p> <p>3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы</p> <p>4-бап Құлдықтан еркін болу</p> <p>5-бап Азаптаудан еркін болу</p>
 <p>ЗАҢГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР</p> <p>Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділсот құқығы, заңсыз қамалмау не ұсталмау құқығы.</p>	<p>6-бап Бәрі де заңмен қорғалады</p> <p>7-бап Заң алдында бәрі тең</p> <p>8-бап Құқықтар бұзылғанда құқықтық қорғау</p> <p>9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу</p> <p>10-бап Әділсот құқығы</p> <p>11-бап Кінәсіздік презумпциясы</p> <p>14-бап Басқа елден пана және қорғау іздеу құқығы</p>
 <p>ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР</p> <p>Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.</p>	<p>12-бап Жеке және отбасы өміріне ие болу құқығы</p> <p>13-бап Тұратын жерін тағдау және өз мемлекеті аумағында еркін жүру құқығы</p> <p>16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы</p> <p>24-бап Демалу құқығы</p> <p>26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу</p>
 <p>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР</p> <p>Мүлікке ие болу, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.</p>	<p>15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы</p> <p>17-бап Мүлікке ие болу құқығы</p> <p>22-бап Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы</p> <p>23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы</p> <p>25-бап Денсаулық сақтау мен жақсылықта өмір сүру құқығы</p>
 <p>САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР</p> <p>Өз елінде мемлекеттік қызметте істеу, сайлауға қатысу, бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы, пікір білдіру, дінге сену және наным-сенім бостандығы.</p>	<p>18-бап Дінге сену және наным-сенім бостандығы</p> <p>19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы</p> <p>20-бап Бірлесу және бейбіт жиналу бостандығы</p> <p>21-бап Саясатқа қатысу және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу</p>
 <p>МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ</p> <p>Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.</p>	<p>27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу</p> <p>28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы.</p> <p>29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті</p> <p>30-бап Ешкім Сіздің құқықтарыңызды тартып ала алмайды!</p>



ӘРЕКЕТ

ПІКІР БОСТАНДЫҒЫНА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- пікір бостандығы
- ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығы
- цензура

ОСЫ ӘРЕКЕТ ТУРАЛЫ

Қатысушылар Украинадағы соғысқа қарсы бейбіт түрде сөйлегені үшін Ресей билігі тұтқындаған суретші Александра Скочиленконың шынайы оқиғасы арқылы бейбіт қарсылық пен сөз бостандығына ие болу құқығы, оның ішінде ақпарат іздеу, алу және тарату құқығы туралы білетін болады. Сессия аясында қатысушылар Александраны қамаудан дереу және сөзсіз босатуға және онымен ынтымақтастығын білдіретін хат жазуға шақырылады.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қатысушылар

- сөз бостандығы ұғымын түсінеді және оны өз өмірімен байланыстырады;
- сөз бостандығына ие болу құқығын бұзудың салдарын біледі;
- басқа құқықтардың сөз бостандығына ие болу құқығына қалай қатысты екенін біледі;
- Amnesty International Letter Marathon науқаны туралы біледі
- Александра Скочиленконы қолдап хат жазып, ынтымақтастығын көрсетеді.

ЖАС МӨЛШЕРІ: 12+

КЕРЕКТІ УАҚЫТ

60 минут. Хаттар жазуға қосымша уақыт қажет болуы мүмкін.

КЕРЕКТІ МАТЕРИАЛДАР

- **Материалдар:** шаралардың фотосуреттері (9-11-беттер)
- **Материалдар:** Оқиға өрбіді (13-бет) Пікір бостандығына ие болу құқығы бойынша негізгі ақпарат (14-бет)
- **Материалдар:** Александраның оқиғасы (15-бет)
- **Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы (АҚЖОД),** қысқаша түрі (5-бет)
- Қағаз, қаламсаптап мен конверттер (хаттарды жіберетін болсаңыз)
- Қосымша: хаттар үлгілері www.amnesty.org/writeforrights/ (ағылшын тілінде)
- Қосымша: Александра туралы бейнеролик www.amnesty.org/w4r-videos (ағылшын тілінде)

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

- Материалдарды, негізгі ақпарат пен АҚЖОД-н әрбір қатысушыға/топқа басып шығарыңыз.
- 14-беттегі негізгі ақпарат пен 15-беттегі Александра оқиғасын оқып шығыңыз.

КӨБІРЕК АҚПАРАТ

- Құқықтар үшін жаз қысқаша курсына сілтемеден өтіңіз: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/151/marafon-pisem> (орыс тілінде)
- Наразылық білдіру құқығы қысқаша курсымызды мына сілтемеден өтіңіз: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/224/pravo-na-vyrazhenie-protesta> (орыс тілінде)
- Наразылық білдіру құқығына арналған Amnesty ақпаратын оқыңыз www.amnesty.org/en/documents/ACT30/5856/2022/en/ (ағылшын тілінде).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Кейбір адамдар сөз бостандығын өшпенділік және/немесе кемсітушілікпен байланыстыруы мүмкін. Сессия барысында осындай пікірлер айтылса, негізгі ақпарат билікті сынау, әлеуетті қорлау және өшпенділік сөздер арасындағы айырмашылықты түсіндіруге фасилитаторға көмектеседі.
- «Наразылық» сөзін қолдану дау тудырып, қатысушыларға қауіп төндіруі мүмкін жағдайда, оны бейбіт жиналыстар мен пікір бостандығына ие болу құқығы сияқты басқа сөздерге ауыстыруға болады.

**20 МИНУТ**

1. КЕЛІСПЕУДІ БІЛДІРУДІҢ КРЕАТИВТІ ТҮРЛЕРІ

Қатысушылармен мынадай сұрақтарға жауаптарды тез талқылаңыз:

- Әр адамның өз пікірін білдіру бостандығына ие болу құқығы бар. Бұл нені білдіреді?
- Келіспегендігіңізді білдіру үшін осы құқықты пайдаландыңыз ба?
- Осыны қалай істедіңіз және қандай әрекет жасадыңыз?
- Көрнекті болу үшін жазба жазғанға Сізге тақта не флипчарт керек болуы мүмкін.
- Алғашқы бірнеше жауаптардан кейін 9-11-беттердегі суреттерді таратып, келесі сұрақтар арқылы оларда не сипатталғанын талқылаңыз:
- Бұл наразылық білдірудің бөлігі ме әлде әрекет пе?
- Осы шаралардың мәні қандай деп ойлайсыз?
- Осы фотосуретте назарыңызды аударған бірдеме байқадыңыз ба?
- Осы шарада не ұнады?

Қатысушыларды шағын топтарға бөліп, әрқайсысы бір фотосуретті талқыласын. Бірнеше минуттан кейін олардан өз нәтижелерін үлкен топпен немесе барлық қатысушылармен бөлісуді сұраңыз.

Сіз фотосуреттердің ұқсастығы мен айырмашылығын, наразылықтың әртүрлі болуы мүмкін екенін көре аласыз. Кейбір адамдар жеке немесе шағын топтарда әрекет етеді, басқалары жаппай шерулерге қатысады. Кейбір шаралар бір сәтте өтіп, басқалары ұзақ уақыт бойы жүргізіледі. Назарылықтың кейбір түрлері қатты болуы мүмкін, ал басқалары азырақ көрінуі мүмкін және тіпті үйден де жасалуы мүмкін.

Қатысушылардан наразылықтың басқа да креативті және шабыттандыратын түрлерін білу-білмейтінін сұрау арқылы сессияның осы бөлігін аяқтаңыз.

2. ҚАРСЫ ТҰРУ: АЛЕКСАНДРАНЫҢ ОҚИҒАСЫ

 25 МИНУТ

Біз Александраның (немесе Сашаның) оқиғасын білгелі тұрғанымызды түсіндіріңіз. Келесі мәтінді оқыңыз немесе қатысушыларға дауыстап оқыңыз:

Александра – Санкт-Петербургте (Ресей) 1990 жылы туған суретші және әнші. Ол шығармашылықтың адамы және әдетте түрлі істермен айналысады: балалар орталығында жұмыс істейді, пәтерлерді жөндеумен айналысады, бейне роликтерді түсіреді және монтаж жасайды, сонымен қатар достарына музыкалық бейне клиптер түсіреді.

Ресейдің Украинаға басып кіруі туралы хабардан шашынған Саша наразылық акциясын өткізуге шешім қабылдады. 2022 жылғы 31 наурызда Санкт-Петербургтегі супермаркеттердің бірінде ол баға белгілерін соғыс туралы ақпарат пен соғысқа қарсы ұрандар жазылған шағын парақшаларға ауыстырған.

Қатысушылардың өз әсерімен бөлісуді бастаңыз. Оларға мынадай сұрақтар қойыңыз:

- **Александра туралы не білеміз?**
- **Оның соғысқа қарсы тұру әдісі туралы не ойлайсыз?**
- **Өзіңізді Ресейде тұратыныңызды және Украинадағы жағдай мен осы қақтығыс туралы жалған ақпаратқа алаңдап отырғаныңызды елестетіп көріңіз. Соғысқа дәл осылай қарсы тұруды елестете аласыз ба? Иә болса, неліктен, және жоқ болса, неге?**


Қатысушыларды жұптарға бөліп, әр жұпқа Сашамен келесі оқиғаны баяндайтын «Оқиға өрбіді» (13-бет) тарату материалын беріңіз. Оларға осы оқиғаны талқылауға және Сашаның әңгімесінің әртүрлі адам құқықтарына қандай қатысы барын ойлау үшін үлестірмелі материалдағы сұрақтарға жауап беруге 10 минуттай уақыт беріңіз. Қатысушыларға **Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясын** (5-бет) немесе сөз бостандығы туралы **негізгі ақпаратты** (14-бет) беруіңізге болады.

Бүкіл топты қайтадан жинаңыз. Егер уақыт қалса, жұптардан кейбір қорытындылары мен талқылауларымен бөлісуді сұрағыңыз келуі мүмкін. Олай болмаса, келесі сұрақтарды талқылаңыз:

- **Осы оқиғада Сізге не шабыт береді?**
- **Сашаға күресуді жалғастыруға күш пен батылдық қайдан келеді?**
- **Оны қалай қолдай аласыз?**

Бірнеше қатысушыларға жауаптарын бәрімен бөлісуді сұраңыз.

3. САШАНЫ ҚОЛДАҢЫЗ

 15 МИНУТ

Amnesty-дің Құқықтар үшін жаз науқаны не екенін түсіндіріңіз. Amnesty адамдарды Александра үшін әділдік талап етуге шақыратынын түсіндіріңіз. Сонымен бірге, өткен жылғы “Хаттар марафоны” (3-бет) Қазақстандағы блогер Темірлан Еңсебектің ісі бойынша сәтті мысалын келтіре аласыз <https://eurasia.amnesty.org/2022/09/15/delo-protiv-kazahstanskogo-blogera-temirlana-ensebeka-prekrashheno-on-by-l-geroem-marafona-pisem-2021-goda/> (орыс тілінде).

Қатысушыларға берілген уақыт әрекет жасау үшін жеткіліксіз болса, кейін осыны қалай жасау керектігін ұйымдастыруға немесе әрекеттерді топтар арасында бөлуге шақырыңыз. Оларды шығармашылыққа ынталандырыңыз.

Қатысушылар бұрын АҚЖОД білмесе, 4-беттегі ақпаратты пайдаланып, оның мәнін түсіндіруден бастауыңыз керек.

Қатысушыларға осы сілтеме бойынша көруге болатын Александраның бейне оқиғасын көрсетіңіз: www.amnesty.org/w4r-videos (ағылшын тілінде).

ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Қатысушылардан оң жақта жазылған мекен-жай бойынша ресейлік биліктерге хат жазуды сұраңыз.

Шенеуніктерге жеке хабарлама ең көп әсер ететінін түсіндіріңіз. Қатысушыларға хат жазуға көмектесу үшін келесі нұсқауларды бере аласыз:

- Хатты жеке атыңыздан жазғаныңызды көрсету үшін өзіңіз туралы бірдеме жазыңыз.
- Александра Скочиленко ісінде Сізді күйзеліске ұшыратқан жағын айтып жазыңыз. Оларға үкіметтің пікір бостандығына ие болу құқығын қадірлеуі қаншалықты маңызды екенін айтып жазыңыз.
- Олардан **Александра Скочиленконы дереу босатуды және оған тағылған барлық айыптарды алып тастауды талап етіңіз**, өйткені ол соғысқа қарсылығын білдіргендіктен ғана ұсталды.

Санкт-Петербург қ. Прокуратурына
Почтамтская көшесі, 2/9
Санкт-Петербург
190000
Ресей Федерациясы

Факс: +7(812) 312-26-11

Сәлемдесу:
Құрметті Прокурор мырза

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БІЛДІРІҢІЗ

Оған тілектестік пен үміт хабарламасын жіберіңіз. Хабарламаға қоса мысықтардың суреттерін салып (Александраның Люси және Мод атты екі мысығы бар!), оны суретке түсіріңіз. Содан кейін хабарламаңызды оң жақта жазылған мекен-жайға жіберіңіз.

Немесе хатыңызды суретке түсіріп, Александраны белгілеу арқылы оны әлеуметтік желіде орналастырыңыз. Оған жазылуды ұмытпаңыз!

Facebook: [facebook.com/sasha.skochilenko](https://www.facebook.com/sasha.skochilenko)

Instagram: [@skochilenko](https://www.instagram.com/skochilenko)

Александра орысша және ағылшынша сөйлейді. Сіз мынадай сөйлемдерді жаза аласыз:

Саша, берік бол!

Біз сен туралы ойлаймыз.

Біз сенімен біргеміз!

Aleksandra Skochilenko
Write for Rights
Amnesty International
1 Easton Street
London
WC1X 0DW
United Kingdom



Александраның қамауда салған суреті.

МАТЕРИАЛДАР:

НАРАЗЫЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ ФОТОСУРЕТТЕРІ



1



2



МАТЕРИАЛДАР:

НАРАЗЫЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ ФОТОСУРЕТТЕРІ



3



4



МАТЕРИАЛДАР:

НАРАЗЫЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ ФОТОСУРЕТТЕРІ



5



6

МАТЕРИАЛДАР:

НАРАЗЫЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ ФОТОСУРЕТТЕРІ

1

2016 жылы Швейцарияның ең ірі сегіз вокзалында, оның ішінде Женевада адамдар флешмоб ұйымдастырды. Кейбіреулер термо көрпеге оранып, жолаушылар ағынында тұрған босқындар сияқты көрінсе, басқа белсенділер босқындарды қорғауын жақсартуға шақыратын парақшалар таратты.

2

Адамдар ЛГБТИ адамдарға қарсы зорлық-зомбылыққа наразылық білдіру үшін кемпірқосақ гүлдерін пайдалануда. 2019 жылы осы шара кезінде Лондондағы Ресей елшілігіне 65 000-нан астам қол қойылған петиция да жеткізілді, онда президент Путинді Чечнядағы ЛГБТИ өкілдеріне жасалған шабуылдар мен ұрлауды тергеуге шақырды.

3

Лос-Анджелесте бос плакат ұстаған адам сөз бостандығын, теңдік пен әлеуметтік әділеттілікті жақтайды, АҚШ, 2020. Бүкіл әлемде адамдар әртүрлі себептермен наразылық білдіру үшін бос плакаттарды пайдаланады. Көбінесе бұл елде өз пікіріңізді ашық айта алмайтыныңызды және цензураның бар екенін білдіреді, бірақ кейде мысалы, кодталған немесе көрінбейтін хабарламаны пайдаланып, өз наразылықтарыңызды білдірудің креативті жолы.

4

Тайван бір жыныстылардың некесін заңдастырудың алдында тұр. Тайван белсенділері біржынысты некені тез арада заңдастыруды қолдайтындықтарын көрсету үшін ел парламенті ғимаратының алдына жиналды. Жергілікті ЛГБТИ ұйымдары қатысушыларға түрлі-түсті пластмасса бөліктерін таратып, «Тайван кемпірқосақ жалауымен жануы» үшін ұялы телефон шамдарымен жарықтандыруды сұрады.

5

Өнер қоғамдағы өзгерістерді ілгерілетудің қуатты құралы, өйткені суретшілер бүкіл әлем бойынша әділеттілікке және адам құқықтарын бұзуды тоқтатуға шақыру үшін өз таланттарын пайдаланады. Бұл фотосуретте суретшілер 2019 жылы Ливанда қанауға, нашар өмір сүру жағдайларына, зорлық-зомбылық пен нәсілшілдікке тап болған босқындар мен мигранттар қауымдастығы әйелдеріне жасалған қатыгездікке қарсы сөйлейтін жергілікті көшбасшыларды қолдау үшін сурет салуда.

6

Тогодағы әйел 2021 жылғы хат марафонының аясында Беларусь үкіметін Никита Золотароуды босатуға шақырған петицияға қол қойды. Никита жасөспірім кезінде азапталып, дәлелдердің жоқтығына қарамастан, наразылық акциясына қатысқаны үшін кәмелетке толмағандар түзеу мекемесінде бес жылға сотталды. 2021 жылы бүкіл әлем бойынша мыңдаған адамдар оны қорғауға шықты.



ТАРАТУ МАТЕРИАЛДАРЫ:

ОҚИҒА ӨРБІДІ

2022 жылғы 11 сәуірде таңертең полиция Александраның пәтеріне келіп, оны тінтіп, «Ресей Федерациясының қарулы күштерін қолдану туралы көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін» қамауға алды. Бұл Ресей билігі 2022 жылғы наурызда ресейліктердің Украинаға жасалған шабуылды сынға алуына жол бермеу үшін тез арада енгізген қылмыстық кодекстегі жаңа бап болды. Бұл бап бойынша ондаған адамдар қамауға алынды.

Александра Петербург супермаркетінде соғысқа қарсы ұрандар үшін баға белгілерін өзгерті деп айыпталуда, бұл халықаралық деңгейде мойындалған қылмыс емес. Айыптаушы тараптың айтуынша, Александраның супермаркетте 31 наурызда жасаған әрекеті ресейлік әскери күштерді қолданғаны туралы «жалған ақпарат таратқан» «саяси өшпенділік» әрекеті болған. Ол қамауға алынғаннан кейін келесі күні түнгі үшке дейін жауап алынды. Содан бері ол жан түршігерлік жағдайда ұсталып жатыр.

Александра Скочилленконың ауыр дерті бар - целиакия ауруы (глютенге генетикалық төзбеушілік). Егер ол глютен жесе, оның органдары, сондай-ақ қатерлі ісік және аутоиммундық ауруларға шалдығуы мүмкін. Сашаға уақытша ұстау изоляторында өзіне қажетті глютенсіз тамақ берілмейтіндіктен, көп жағдайда ашығып жүруге мәжбүр. Бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіп төндіреді. Сонымен бірге, Александра құдалауға ұшырады, СИЗО қызметкерлері мен тұтқындар оны қорқытады және қоқан-лоққы көрсетеді. Саша айыпталса, онда 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Amnesty International Александраны «ар-ұждан тұтқыны» деп жариялады – зорлық-зомбылық пен өшпенділік қолданбаған немесе оған шақырмаған және тек өзінің тұлғасына бола (жыныстық бағдары, этникалық, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, тілі, туу, түр түсі, жынысы немесе экономикалық мәртебесі) әлде сеніміне (соның ішінде оның саналы түрде ұстанатын кез келген діни, саяси немесе басқа нанымдарына) қатысты құдаланған не тұтқындалған.

ЖАТТЫҒУ

Александраның оқиғасымен танысқаннан кейін келесі адам құқықтарын қарап шығыңыз және олардың қайсысы оның жағдайына қатысы бар, қалай бұзылуы мүмкін екенін жұптарда талқылаңыз:

- Ақпаратты іздеу, алу және тарату бостандығын қоса алғанда, пікір және сөз бостандығына ие болу құқығы
- Заңсыз ұстау және бас бостандығы мен жеке бас бостандығына ие болу құқығы
- Азаптауға немесе басқа да қатыгездікке немесе жазалауға ұшырамау құқығы
- Денсаулыққа ие болу құқығы
- Қамауда ұстау кезінде адамгершілікпен қарауға және адамның туа біткен қадір-қасиетін құрметтеу құқығы



© Александра Скочилленко



1: Александра Скочилленко

2: Александраның серіктесі Соня Субботина Сашаның фотосуретін ұстап тұр.



10 МИНУТ



НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

ПІКІР БІЛДІРУ БОСТАНДЫҒЫНА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ

АҚЖОД-ң 19-бабы

«Әркімнің өз ойы мен пікірін білдіру бостандығына ие болуға құқығы бар; бұл құқық кез келген бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және шекараға қарамастан, кедергісіз өз пікірін ұстану және ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және тарату еркіндігін қамтиды».

Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясының (АҚЖОД) 19-бабы сөз бостандығыны ие болу құқығын қорғайды. Сөз бостандығы сіздің жеке пікіріңізді білдіру және оны үкіметтің араласуынсыз еркін білдіру құқығыңызға кепілдік береді. Бұған қоғамдық наразылық немесе жазбаша, бұқаралық ақпарат құралдары, интернет және өнер туындылары арқылы өз пікірін білдіру құқығы кіреді. Бұл құқық кез келген қоғам өмірінің ең маңызды шарты болып саналады. Әртүрлі пікірлер ескеріліп, әртүрлі ойлар айтылуы үшін бізге еркін идеялар ағыны қажет. Сөз бостандығына ие болу құқығы ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етеді. Қорқынышсыз немесе заңсыз араласуынсыз ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және бөлісу құқығымыз жеке тұлға ретінде білім алуымыз бен дамуымыз, қоғамдастықтарға көмектесу, әділеттілікке қол жеткізу және барлық басқа құқықтарымызды жүзеге асыру үшін маңызды.

Дегенмен, қоғамдық ашық пікірталастарды өткізуге қажетті азаматтық белсенділік пен саяси қатысу, ашықтық пен сенімді ақпаратқа қолжетімділік сияқты шарттар барған сайын бұзылып барады. Адамдардың бәрі өз пікірін білдіргенде қауіпсіздікте бола бермейді, әсіресе өз еліндегі саяси жағдайға қатысты болса. Сөз бостандығына көбінесе айтылған идеялар немесе пікірлер биліктегі адамдардың жағдайы мен ұстанымына қарсы шыққан кезде қауіп төнеді. Дүние жүзінде сөз бостандығын, бейбіт жиналу мен бірлесу бостандығына ие болу құқығын шектеуге бағытталған заңдар мен басқа да репрессиялық шаралардың саны артып келеді. Билікті сынағандардың үстінен дұрыс қолданбаған қылмыстық, азаматтық және әкімшілік заңдар арқылы үнсіз қалу, жауапқа тартылу қауіп төнеді. Билік зорлық-зомбылықпен қорқыту арқылы наразылық шерулерге тосқауыл қояды; бейбіт наразылық білдірушілер заңсыз түрде қамауға алынады және олардың соттары жиі әділсот құқығының көптеген бұзушылықтарына әкеліп соғады. Әлемдегі барлығы дерлік елдердің конституциясында сөз бостандығының құндылығы көрсетілгеніне қарамастан, үкіметтер сыни пікірлер айтқаны үшін адамдарды түрмеге қамап, қорлайды.

ПІКІР БІЛДІРУ БОСТАНДЫҒЫНА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫН ШЕКТЕУ

Халықаралық құқық сөз бостандығын қорғағанымен, бұл абсолютті құқық емес және басқалардың құқықтарын қорғау үшін пікір білдіру заңды түрде шектелуі мүмкін жағдайлар бар, мысалы, білдірген пікірі басқалардың құқықтарын бұзса немесе өшпенділік пен кемсітушілікті, зорлық-зомбылықты қоздырса. Жалпыға өшпенділіктанымал өшпенділікті насихаттау, сондай-ақ басқалардың құқықтарына, әсіресе олардың теңдік және кемсітілмеу құқықтарына қауіп төндіреді, сондықтан мемлекеттер мұндай өшпенділікті таратуы мүмкін наразылық акцияларына шектеулер қоя алады. Бұл шектеулер заңды болуы үшін өшпенділік насихаты белгілі бір топ мүшелеріне өшпенділік тудыратын идеяларды немесе пікірлерді білдіру ғана емес болуы керек. Өшпенділік тілі деп есептелуі үшін ол басқаларды осы топқа немесе жеке адамға кемсітуге, оған қарсы әрекет етуге немесе зорлық-зомбылық жасауға итермелеу ниетін анық көрсетуі керек.

Осыған қарамастан, көптеген үкіметтер сөз бостандығына ие болу құқығын қылмыс деп санайтын және шектейтін заңдарды қабылдау арқылы сынды тұншықтырып, бейбіт диссиденттердің даусын өшіру үшін өз билігін асыра пайдаланады. Сын, келіспеушілік және наразылық жүйелі түрде цензураға ұшырайды, жазаланады немесе желіде де, шынайы өмірде де басқа жолмен шектеледі. Бұл көбінесе терроризммен күресу, қоғамдық тәртіп, ұлттық қауіпсіздік немесе дінді қорғау үшін жасалады. Дегенмен, адам құқықтарын құрметтеу ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету элементтерінің бірі болып табылады және сөз бостандығына ие болу құқығы адам құқықтарының халықаралық құқығымен қорғалады.





ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ АЛЕКСАНДРА ОҚИҒАСЫ

Еркіндігінен айырылғанға дейін Александраның (Сашаның) өмірі музыка мен өнерге толы болатын. Ол пианино, гитара, мандолина мен флейтада ойнағанды ұнататын және онымен ойнағысы келетін кез келген адаммен музыкалық кештер өткізетін.

Ресейдің Украинаға басып кіруі туралы хабардан шошыған Саша бейбіт шеру өткізуге шешім қабылдады. 2022 жылғы 31 наурызда Санкт-Петербургтегі супермаркеттердің бірінде ол баға белгілерін Ресейдің Украинаға басып кіруі туралы ақпарат жазылған шағын парақшаларға ауыстырған.

2022 жылғы 11 сәуірде таңертең полиция Сашаны қамауға алып, оны «Ресей Федерациясының қарулы күштерін пайдалануы туралы көрінеу жалған ақпарат таратты» деп айыптады. Бұл Ресей үкіметі 2022 жылғы наурызда ресейліктердің Украинаға басып кіруін сынамауы үшін асығыс қабылдаған қылмыстық кодекстегі жаңа бап. Осы бап бойынша қазірдің өзінде ондаған адам қамауға алынды.


Содан бері Александра ауыр жағдайда қамауда отыр. Ол целиакиямен ауырады және уақытша ұстау изоляторында оған қажетті глютенсіз тағам берілмейтіндіктен, үнемі дерлік аш жүруге мәжбүр болады. Сонымен бірге, Саша тергеу изоляторының қызметкерлері мен камераластары тарапынан қудалауға ұшырайды. Сашаға айып тағылса, ол 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.



© Александра Скочилленко



© Александра Скочилленко



© Александра Скочилленко

1-2. Александраның суреттері

3. Александра Скочилленконы ұстап жатқан тергеу изоляторы

4-5. Александраның қамауда салған суреттері

AMNESTY INTERNATIONAL

ТУРАЛЫ

Amnesty International әділетсіздікке қарсы 10 миллионнан астам адамдардың ғаламдық қозғалысы. Біз адам құқығы баршаға ортақ болатын әлем үшін науқан жүргіземіз.

Біз кез келген жерде болған адам құқықтары бұзушылықтарын зерттеп, осы туралы фактілерді жария етеміз. Біз үкіметтер мен басқа да ықпалды топтарды, мысалы, ірі компанияларды өз уәделерінде тұруға және халықаралық құқықты сақтауға шақырамыз. Біз көмектескен адамдардың оқиғаларын айту арқылы дүние жүзіндегі миллиондаған жақтастарымызды өзгеріс жасауға және алдыңғы қатардағы белсенділерді қорғауға жігерлендіреміз. Оқыту және жетілдіру бағдарламалары көмегімен адамдарды өз құқықтарын қорғауды қолдаймыз.

Біздің жұмысымыз өлім жазасын жоюдан жыныстық репродуктивті құқықтарды ілгері жылжыту, кемсітумен күресуден босқындар мен мигранттар құқықтарына дейін қорғап, адамдарға шабыт береді. Біз азаптауға жол беретіндерді жауапқа тартуға, репрессивті заңдарды өзгертуге және өз пікірін білдіргені үшін ғана түрмеге түскен адамдарды қорғауға көмектесеміз. Біз еркіндігі мен қадір-қасиетіне қауіп төнген әрбір адам үшін үн қосамыз.

AMNESTY INTERNATIONAL ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАТШЫЛЫҚ

Peter Benenson House
Истон көшесі, 1
Лондон WC1X 0DW
Біріккен Патшалық

Индекс: POL 32/5902/2022
Қазақша, 2022 ж. қыркүйек
Тел.: +44 (0)20 7413 5500
Факс: +44 (0)20 7956 1157
емейл: contactus@amnesty.org
www.amnesty.org

Басқаша көрсетілмесе,
барлық суреттер
© Amnesty International тиесілі.
Мұқабадағы сурет
© Александра Сочиленко

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL 